



**Қазақстандағы
дәрілік
өсімдіктер**



Дәрілік өсімдіктер (лат. *Plantae medicinalis*), шипалы өсімдіктер – медицинада емдеу және аурудың алдын алу мақсатында қолданылатын өсімліктер.



Дәрілік өсімдіктердің
емдік қасиеті оның
химиялық
құрамында:

стероид

алкалоид

витаминдер

тритерпен

тұтқыр заттар

гликозидтер

эфир майы





Қазақстан флорасы пайдалы өсімдіктерге, оның ішінде ерекше маңызды болып саналатын дәрілік өсімдіктерге өте бай. Бұлардан жасалатын препараттардың тиімділікке айналғаны белгілі. Соның нәтижесінде бұл күнде фитотерапия айтарлықтай дамып отыр. Қазіргі кезде олардан 40 %-ға жуық дәрілік заттар және препараттар алынады. Дәрілік өсімдіктер кептірілген шөп, тұнба, қайнатынды, шай, ұнтақ, т.б. түрінде қолданылады. Дәрілерді дайындау үшін шикізат ретінде пайдаланылатын дәрілік өсімдіктер бөлек іріктеледі. Дәріні, көбінесе, жабайы өсімдіктерден алады.

Дәрілік өсімдіктің адам ағзасына тигізетін әсері әр түрлі. Дәрілік өсімдіктерді зерттей келе олардың құрамындағы дәрілік заттарға байланысты бірнеше топқа (ОЖЖ-ға, жүрекке, асқазан-ішек жолдарына, бауыр, бүйрек, өкпе ауруларында) бөлінеді. Қазақстанда көп таралған, ем ретінде көп қолданылатын дәрілік өсімдіктердің бірнеше түрін назарларыңызға ұсынбақпыз!





Түймедақ (лат. *Chamomilla*) - Астралылар тұқымдасына жататын, бір жылдық шөп тектес өсімдік.

Түймедақтың гүлінен жасалған дәрілер жел шығаратын, қабынуға қарсы, тер шығаратын, ауырған жерлерді

тыныштандыратын, денедегі бұлшық еттердің тырысуына қарсы әсер етеін, қан тоқтататын, микробты жоятын, өт айдайтын, етеккірдің келуін реттейтін дәрі ретінде де қолданады.



Таңқурай -(лат. *Rúbus idáeus*) раушангүлділер тұқымдасының бір түрі. Таңқурайдан жасалған қайнатпаны дене қызуын түсіруге, несеп жүргізуге, бүйрек тасын шығаруға, іш ауруына, қант диабетіне, өт айдауға пайдаланады. Гемоглобин мөлшерін арттыру, қан тоқтату, суық тигенде дене қызуын басуға, іш тоқтатуға, қан аздыққа, жүйке ауруларына, бронхитке, жөтелге қарсы қолданады.





Алоэ (Aloe) — лалагүл тұқымдасына жататын көп жылдық бұта. Қолданулуы: иммунитет көтеруде, тіс аурунда, сыртқы жарақаттан қан шыққанда, демікпеде, тәбет ашуда, туберкулез ауруларын емдеуде.





Таушымылдық (Paeonia) — сарғалдақтар тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін өсімдіктер, бұталар. Таушымылдықтың тұнбасы тәбет ашады, асқазан сөлінің қышқылын арттырады, астың қорытылуын жақсартады, жүйкені тыныштандырады.



Қалақай (лат. *Urtica*) — қалақай тұқымдасынан бір туысы. Ғылыми медицинада қосүйлі қалақай өкпеден, жатырдан, ішектен, геморрой түйіндерінен, асқазаннан қан кеткенде дәрі ретінде, денедегі зат алмасуын, жүрек пен өкпенің қызметін, көптен жазылмай жүрген жараларды емдеуге, ағзадағы дәруменнің жетіспеуін және қанның құрамын қалпына келтіру үшін, диабетті емдеуге де пайдаланды, бауыр және өт жолдарының созылмалы ауруларын қалақаймен емдеуге болады, ревматизмді, іштің қатуын, подаграны, бүйрек пен қуық ауруларын, өкпе туберкулезін, геморройды, дизентерияны, бронх демікпесін, асқазан ауруларын емдеуде, дене сыртындағы жарақаттарды, іріңді жараларды, сүйектің қабынуын пайдаланады.





ҚОРЫТЫНДЫ

Адамзат дамуының алғашқы дәуірінде адамның негізгі қорегі өсімдік болды. Тағам үшін ішіп-жейтін өсімдіктер түрінің көбейуіне қарай, адам осылардың кейбіреулерінің ерекше қасиеті бар екенін байқаған. Яғни айта кететін болсақ, адамның тұңғыш ұстазы – табиғат, алғашқы дәріханасы – орман мен дала болды.

*Назарларыңызға
рахмет!*

